

Б.Ж. Айтимов^{1*}, Е.Ш. Дусипов², Б.А. Сериев¹¹ *І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған, Қазақстан;*² *ҚР Президенті жанындағы мемлекеттік басқару академиясы, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
(E-mail: bola_30081978@mail.ru, ORCID ID 0000-0001-7928-8550, Scopus Author ID 56809373000,
seriev_bolat@mail.ru, d_e_64@mail.ru)***Коммерциялық емес ұйым түсінігі,
оның азаматтық құқық жүйесіндегі орны**

Мақалада «коммерциялық емес ұйымның» ғылыми-көпшілік ортада қалыптасқан түсінігі тәжірибелік мысалдармен, шетелдік теориялық ойлармен салыстырыла отырып зерттелген. «Коммерциялық емес ұйым» ұғымын дәл қазіргі уақытта қайта қарау аса маңызды болып отыр. Оның басты себебі, азаматтардың саяси-экономикалық, әлеуметтік белсенділіктерін арттыру арқылы жергілікті өзін-өзі басқарудың қазақстандық тәжірибесін қалыптастыру мен дамыту, нәтижесінде жергілікті мәселелерді тұрғындардың өз әлеуетін пайдалана отырып шешу болып отырғаны айқын. Алайда «коммерциялық емес ұйым» ұғымын оның негізгі мақсаттары тұрғысынан зерттеген ғылыми-теориялық ойлардың аздығы байқалады. Бұл өз кезегінде коммерциялық емес ұйымдар турасындағы отандық заңнаманы жетілдіруге мүмкіндік бермейтіні анық. Осы саладағы заңнаманың халықаралық және шетелдік ұйымдардың қатысынсыз дамымауының басты себептерінің бірі азаматтық қоғамды қалыптастыру мен дамытуға бағытталған мемлекеттік саясаттың жетілмеуінен байқауға болады. Бұл осы саланы дамытуға мүдделі мемлекеттік органдардың жұмысының нәтижесі деп білеміз. Зерттеудің мақсаты Қазақстан Республикасы азаматтық заңнамасы бойынша «коммерциялық емес ұйым» түсінігін айқындап, оның азаматтық құқық және де жалпы мемлекеттік-қоғамдық деңгейдегі орнын анықтау. Мақалада зерттеудің статистикалық, талдау, синтездеу, салыстырмалы-құқықтық, лингвистикалық әдістерімен қатар, олардың тәжірибелік дамуын зерттеуде нақты-әлеуметтік, құқықтық аудит жүргізу сияқты тәсілдер қолданылды. Ғылыми-зерттеулердің нәтижесінде коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдарды ажыратудың қалыптасқан белгілерін қолданудың мүмкіндігі аз екендігі, осы себепті оларды өзара ажыратудың «қоғамдық пайдалылығы» сияқты т.б. жаңа өлшемдерін қалыптастыру қажеттігі негізделді.

Кілт сөздер: заңды тұлға, коммерциялық емес ұйым, азаматтық құқық, заңды тұлғаның белгілері, жарғылық қызмет.

Kipicne

Әлемдік жаһандану процесінің күшеюі адамның бірлесу бостандығына құқығын жаңаша қырынан қарауды талап етеді. Осы себепті коммерциялық емес ұйымдардың (КЕҰ) қызметін құқықтық реттеудің халықаралық тәжірибесін қазақстандық ерекшеліктерді ескере отырып ендіру уақыт талабы. ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Ұлт жоспары — Қазақстандық арманға бастайтын жол» атты мақаласында жаһандық қарама-қайшы әлемде еліміз өзінің тұрақтылығын әрбір ішкі және сыртқы сын-тегеуріндерге лайықты әрекет жасай отырып сақтап қалатыны айтылған [1]. Сондықтан да тұрғындарды қоғамдық процестерге кеңінен тарту арқылы азаматтық қоғамды дамытып, демократиялық, саяси және экономикалық жаңғыртуларды тікелей іске асыратын коммерциялық емес ұйымдарды құқықтық қамтамасыз етуді зерттеу өзекті мәселе деп айта аламыз.

Елімізді үздік отыздыққа апарар «100 нақты қадамның» 97-қадамында коммерциялық емес ұйымдар (азаматтық қоғам институты ретінде) қызметін құқықтық реттеуді жетілдіру азаматтық белсенділікті жандандырып, өзін-өзі реттеу мен жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытатындығы, сол арқылы азаматтардың шешімдер қабылдау үдерісіне қатысу мүмкіндігін кеңейтуге мүмкіндік туғызатындығы айтылған [2]. Демек тұрғындардың өзіндік ұйымдасуына мүмкіндік беретін коммерциялық емес ұйымдардың қалыптасуы мен дамуына қажетті құқықтық орта қалыптастыру жергілікті өзін-өзі басқаруда маңызды орын алады. Ал, мемлекеттік құрылымы унитарлы болып келетін Қазақстан үшін жергілікті өзін-өзі басқаруды қалыптастыру әлі күнге дейін көкейтестігі жоғары мәселе.

*Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: bola_30081978@mail.ru

Қазақстан Республикасы 2005 жылы Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіні ратификациялау арқылы адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарын сақтауда өз алдына міндеттемелер қойған. Оған сәйкес адамның бірлесу бостандығы құқығын Конституция мен азаматтық заңнамада бекіту жеткілікті. Тәжірибеде байқағанымыз аталмыш құқықты қамтамасыз ету үшін оның заманауи түсінігін ұғыну, оны реттеу мен оған қойылатын шектеулердің заңдылығын, негізділігі мен өлшемге сәйкестігін зерттеуді қажет етеді. Осыған сәйкес коммерциялық емес ұйымдар қызметін реттеуге бағытталған құқықтық нормалар бірлесу бостандығын жүзеге асыруға кедергі жасауға емес, оны қамтамасыз ету мен шынайы іске асыруға бағытталуы тиіс деген пікірдеміз. Ал бұл өз кезегінде мемлекеттік деңгейде жаңаша заңнама қалыптастыруды талап етеді.

Қазақстан Республикасының бұрынғы қалыптасқан экономикалық қатынастардан нарықтық қатынастарды құруға көшуі азаматтық айналымдағы барлық ұйымдардың қызмет ету тәртібін елеулі өзгерістерге ұшыратты. Тауар өндіру, жұмыс атқару немесе қызмет көрсетумен бұрыннан айналысып келе жатқан коммерциялық емес ұйым нысандары қазақстандық экономикалық жүйеде өз орнын жоғалтқан жоқ. Сонымен бірге, жүргізіліп отырған реформалар коммерциялық емес ұйымдардың шаруашылық қызметке қатысуының мақсаттарын нақты анықтап беріп, осыған сәйкес оны реттеудің құқықтық тәсілдерін қалыптастырудың қажеттілігін тудырды. Әсіресе, коммерциялық емес ұйымдардың кәсіпкерлік қызметін реттеуде бұл мәселе аса өзектілігін байқатты. Оны жүзеге асырудың шарттары мен тәртібінің зерттелмеуі нәтижесінде тәжірибеде коммерциялық емес ұйымдардың кәсіпкерлік қызметінің ешқандай ерекшелігі жоқ деген түсінік қалыптасқан. Сонымен бірге, тәжірибе жүзінде көптеген коммерциялық емес ұйымдар өзінің құқықтық мәртебесін өзгертпестен өзіне тән жеңілдіктерді негізсіз пайдалана отырып, коммерциялық ұйымдарға айналғандығын көру қиын емес. Бұл бағытта да зерттеудің өзектілігі нарықтық қатынастар тереңдеген сайын артып келеді.

Уақыт талабына сәйкес мемлекет және бизнес-құрылымдармен қатар «үшінші секторды» құрайтын коммерциялық емес ұйымдардың (үкіметтік емес ұйымдар, азаматтық қоғам ұйымдары) жүйесі өзіне ерекше көңіл бөлуді талап етеді. Себебі, соңғы жылдардағы тәжірибеге сүйенсек, бұл сектордың бақылаусыз қызмет атқаруы оның қатысушыларының құқықтары мен бостандықтарының бұзылуының потенциалды қаупін туындатып қана қоймайды, сонымен бірге азаматтық айналымның мемлекет, коммерциялық ұйымдар секілді өзге субъектілерінің де мүдделерінің қанағаттандырылмауына алып келеді. Коммерциялық емес заңды тұлғалар қызметін құқықтық реттеу, оның нысандарының құқықтық жағдайын жетілдіру мен құқықтық қамтамасыз етудің өзектілігін ресми статистиканы қарастыру арқылы байқауға болады. Оған сүйенсек, 2019 жылдың 1 қаңтарында КЕҰ-ның саны 59740-қа жеткен, оның ішінде 4446 жеке мекеме, 8810 қоғамдық бірлестік, 5327 қор, 1336 діни бірлестіктер, 1356 заңды тұлғалардың қауымдастығы, 5263 тұтыну кооперативтері, 362 тұрғын үй кооперативтері, 798 Коммерциялық емес Акционерлік қоғамдар, 2542 пәтер иелерінің кооперативтері, 7726 өзге де ұйымдар (жалпы ҰЕҰ — 37986), ал 20754 мемлекеттік мекеме [3]. Осыған байланысты бұл саладағы қоғамдық қатынастарға мемлекет тарапынан тікелей немесе жанама түрде ықпалдың болуы заңдылық. Сонымен қатар, коммерциялық емес ұйымдар қызметінің нарықтық сипатын айта отырып, олардың жарғылық «ережелер» шеңберінде шектелгендігін айтпау мүмкін емес. Мұндай шектеу коммерциялық емес ұйымдар жүйесін құрайтын «үшінші сектордың» экономика мен әлеуметтік салаға мүмкін болатын тиімді ықпалын әлсіретуі немесе мүлдем жоғалтуы мүмкін. Ал бұл өз кезегінде коммерциялық емес ұйымдар қызметін реттеу үшін, осы нысандағы заңды тұлғалардың түсінігін қайта қарауды талап етері сөзсіз.

Әдістер мен қолданылған материалдар

Мақаланы жазуда ғылыми зерттеудің жалпы және жеке әдістері: диалектикалық, тарихи, формальды-логикалық, салыстырмалы-құқықтық, лингвистикалық, нақты-әлеуметтік әдістер қолданылған. Коммерциялық емес ұйымдар туралы заңнаманың дамуы мен одан әрі жетілуін қарастыруда жалпы танымдық диалектикалық әдіс, осы бағыттағы құқықтық нормалардың өзара және өмірмен байланысын зерттеуде формальды-логикалық, талдау, синтез және хронологиялық әдістері, коммерциялық емес ұйым заңнамасы дамуының шетелдік тәжірибесін зерделеуде салыстырмалы-құқықтық әдістер, «коммерциялық емес ұйым», «бірлестік (бірлесу)» терминдерін тереңірек қарауда лингвистикалық әдістер қолданылды.

Зерттеу негізінде коммерциялық емес ұйымдардың кәсіпкерлік қызметінің мемлекеттік маңызы, оларды мемлекеттік-құқықтық қолдау барысында жеткен нақты нәтижелерді анықтауда статистикалық әдістер пайдаланылған.

Сонымен қатар, тәжірибеде коммерциялық емес ұйымдарды құру, қызметін жүзеге асыру мен тоқтатудың құқықтық мәселелерін анықтау мақсатында Түркістан, Алматы, Қызылорда облыстарындағы қоғамдық бірлестік, қор, тұтыну кооперативтері, мекеме нысандарындағы коммерциялық емес ұйымдарда құқықтық аудиттер (нақты әлеуметтік) жүргізілді.

Нәтижелер

Қазақстанда коммерциялық емес ұйымдар XX ғасырдың 80-жылдары саясат пен экономика саласындағы реформаларға байланысты дами бастады. Бүгінгі күні олар біздің елде азаматтық қоғамды дамытудың негізі болып табылады және олардың өскелең рөлі әлеуметтік бағыттағы нарықтық экономиканың құрылуымен байланысты.

Коммерциялық емес ұйымдарды белгілеуде әлемдік тәжірибе қазақстандық тәжірибемен салыстырғанда біршама ерекшеленеді.

Ұлттық заңнамамызда да оларды сипаттау үшін пайдаланылатын терминдер әртүрлі болуы мүмкін: ол үкіметтік емес ұйымдар (ҰЕҰ), коммерциялық емес ұйымдар (КЕҰ), азаматтық қоғам ұйымдары (АҚҰ). Қатаң мағынада «үкіметтік емес ұйымдар» заңды термин емес, алайда, олардың іс жүзінде орнығуының себебі, олар Біріккен Ұлттар Ұйымының, Дүниежүзілік Банктің, сондай-ақ, бірқатар басқа халықаралық құрылымдардың құжаттарында үкіметтік емес ұйымдарды белгілеу үшін пайдаланылуында. Шындығында, Қазақстанда «үкіметтік емес ұйым» термині, «өзіндік ұйымдасқан» немесе «тәуелсіз қоғамдық бірлестік» сияқты отандық атауларды ауыстыруына халықаралық донорлардың ықпалы жоғары болғандығын осы тақырыптағы ғылыми мақалада қарастырған болатынбыз [4; 196–204].

«Үкіметтік емес ұйым» термині тәжірибеде және заңда пайдаланылатынын атап өткен жөн. «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы» ҚР Заңының 1-бабының 7-тармағында берілген анықтамаға сәйкес, үкіметтік емес ұйымдарға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өздерінің ортақ мақсаттарына қол жеткізу үшін ерікті негізде азаматтардың және (немесе) мемлекеттік емес заңды тұлғалардың күшімен құрылған коммерциялық емес ұйымдар (саяси партияларды, кәсіптік одақтарды және діни ұйымдарды қоспағанда) жатады [5]. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының бірқатар заңдарында «үкіметтік емес ұйым» термині Қазақстанда жұмыс істейтін шетелдік және халықаралық үкіметтік емес ұйымдарды белгілеу үшін пайдаланылады. Мысалы, ҚР «Қоғамдық бірлестіктер туралы» Заңның 3-бабында «Осы Заңның күші Қазақстан Республикасы аумағында құрылған және жұмыс істейтін шетелдік және халықаралық коммерциялық емес үкіметтік емес бірлестіктердің құрылымдық бөлімшелерінің (филиалдары мен өкілдіктерінің) қызметіне қолданылады, бұған діни бірлестіктер кірмейді» [6] деп көрсетіледі.

Арнайы мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асыру үшін мемлекеттік коммерциялық емес ұйым құрылып, ұйым ресми түрде үкіметтік емес деп аталған жағдай мәлім [7].

Іс жүзінде, Қазақстанда бұл термин көбіне коммерциялық емес ұйымдардың синонимі ретінде қолданылады. Алайда тәжірибе мен жоғарыдағы анықтама байқатқанындай, үкіметтік емес ұйым бұл саяси-экономикалық ұғым екенін аңғару қиын емес.

Американдық ғалымдар Леон Е. Айриш, Роберт Кушен, Карла В. Саймон түрлі елдерде үкіметтік емес ұйымдардың құрамына түрлі құрылымдар мен қоғамдық ұйымдар кіреді (және шығарылады) деп көрсетеді. Біржақты мағынада — әрбір мемлекетке қатысты — «үкіметтік емес ұйым» термині құрылған құқықтық жүйенің заңды тұлға ретінде танылатын тек формальды түрде және де-юре құрылған мемлекеттік құрылымды білдіреді деп жазылған [8; 16].

Отандық ғылымда үкіметтік емес ұйымдар — кәсіби ерекшелікпен шектелмейтін (сондықтан ҰЕҰ-ға кәсіподақтар жатпайды) және мемлекеттік билікті көздемейтін (осыған байланысты бұларға саяси партияларды қоспайды) ашық коммерциялық емес ұйымдар [9; 39] деген пікірді қолдайтындар да бар.

Электрондық сөздіктерді ескере отырып, ресейлік ғалым-терминологтардың көбісі Ресей Федерациясының Азаматтық кодексінде берілген анықтамаға сүйенетінін түсіндік.

Г. Литвинцева институционалдық экономика бойынша терминдер сөздігінде мынадай жолмен коммерциялық емес ұйымның мәнін былайша анықтайды: «Коммерциялық емес (түсімсіз) ұйым —

бұл қызметі барысында табылатын кірістерден шығыстарды алып тастағандағы пайда ұйымның өзінде қалып, оның алдына қойған мақсаттарына пайдаланылуы тиіс ұйым» [10].

«Академик.ру» сөздігі де терминге дұрыс мағына бермейді, «үкіметтік емес ұйым — бұл пайда түсіруді көздемейтін ұйым, заңды тұлға. Коммерциялық емес ұйым жекелеген жағдайларда коммерциялық қызметпен айналысуға құқығы бар, бірақ тек коммерциялық емес бағыттағы мақсатқа жету үшін» [11]. «Жекелеген жағдайлар» деп автор нені меңзегені белгісіздеу.

Шетелдік немесе еуропалық әдебиет көздеріне сүйенсек, бұл ұйымдардың әртүрлі анықтамалары бар, бірақ негізінен олар «коммерциялық емес» деп аталатынын көруге болады. Ғылыми әдебиетте, әдетте, «үшінші сектор» немесе «пайда таппайтын ұйымдар» сияқты ұғымдар кездеседі, бірақ олар көпшілік мақұлдаған терминдер емес. Алайда, жоғарыда аталған терминдерге синоним ретінде пайдаланылуы екі талай бірқатар анықтамалар бар. Осылайша, экономикалық статистикада теріс шектейтін функционалдық аспектіні көрсететін «табыс алуды көздемейтін ұйым» деген анықтама қолданылады. Күнделікті тілде осындай үшінші сектор ұйымдарын таңбалау үшін «бірлестік», «одақ» белгілері пайдаланылады. «Ерікті бірлестік» ұғымының құрылымдық ерекшелігіне қоғамдық бастауларға қатысу назары топталған. Саясатта теріс жіктеуді білдіретін, не осындай ұйымдар мен мемлекет арасындағы қарым-қатынас белгілейтін, не экономикалық және экономикалық емес кәсіпорын бөлімшелерінің арасындағы айырмашылық орнататын «үкіметтік емес ұйым» және «коммерциялық емес ұйым» деген терминдер пайдаланылады. «Мемлекеттік емес ұйымдар» деп мемлекеттік секторға қатысы жоқ барлық ұйымдарды айтуға болады.

Американдық ғалымдар Salamon, Lester M., Anherer, Helmut K. «пайда таппайтын ұйымдар» азды көпті ашық, формальды құрылымы бар және мемлекеттің ықпалынан тікелей тәуелсіз, өздігінен қалыптасып белгілі бір мақсатқа жету үшін ерікті жұмыстар мен қызметтерді, түрлі материалдық және материалдық емес ресурстарды үйлестіретін социотехникалық құрылым деп түсіндіреді [12; 384]. Ұлыбританияда барлық қоғамға пайдалы ұйымдарға «қайырымдылық ұйымдар» [13; 487] термині қолданылады.

«Коммерциялық емес ұйым» ұғымының анық болмауы және де оның коммерциялық ұйымдармен қатар азаматтық айналымға қатысуы «заң шығарушының заңды тұлғаларды түрлерге бөлудің салалық критерийлеріне нұқсан келтіреді» [14; 107] деген пікірмен толықтай келісеміз.

Заңда қабылданған заңды тұлғаларды коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдарға бөлуді сақтап қалу туралы тұжырымдамалық тенденцияны ұстана келе, «коммерциялық емес ұйым» ұғымын түсінуге қатысты мәселеде нақтылыққа қол жеткізуді алға тарта отырып, ғалымдар коммерциялық емес ұйымдардың заңнамалық атауына ұқсас: «кәсіпкерлік емес» [15; 19], «әлеуметтік» [16; 176], «азаматтық ұйымдар» [17; 245] деген атауларды ұсына бастады.

Алғашқы рет заңды тұлғаларды коммерциялық және коммерциялық емес деп бөлу 1991 жылдың 31 мамырында КСРО және Одақтас республикалардың азаматтық заңнама Негіздерін қабылдаған заңының 18-бабымен жүргізілді [18]. Мұндай қадам қазақстандық заң шығарушы тарапынан 1994 жылы жүргізілген болатын.

Аса ауқымды емес тарихи көзқарастарды ескере отырып, қазақстандық заңнамада, сонымен қатар еуропалықта да [19; 147], коммерциялық емес заңды тұлғаның қазіргі мінсіз кейіпі қоғам мен өз мүшелерінің (қатысушыларының) игілігін қамтамасыз етуге бағытталып «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» ҚР Заңының 4-бабына сәйкес «әлеуметтік, мәдени, ғылыми, білім беру, қайырымдылық, басқару мақсаттарына қол жеткізу; азаматтардың және ұйымдардың құқықтарын, заңды мүдделерін қорғау; даулар мен жанжалдарды шешу; азаматтардың рухани және өзге қажеттіліктерін қанағаттандыру; азаматтардың денсаулығын сақтау, қоршаған ортаны қорғау, дене шынықтыру мен спортты дамыту заң көмегін көрсету үшін, сондай-ақ қоғамдық игіліктерді және өз мүшелерінің (қатысушылардың) игіліктерін қамтамасыз етуге бағытталған басқа да мақсаттарда құрылуы мүмкіндігімен» байланысты болған және байланысты болып келеді [20]. Заң шығарушы дәл осындай аса коммерциялық емес кейіпті жасауды көздеген болатын.

Қолданыстағы заңнамада коммерциялық емес ұйымдардың кейбір ұйымдық-құқықтық нысандарына алынған таза табысты қатысушылар (мүшелер, құрылтайшылар) арасында қалай да бөлуге мүмкіндік беретін жалпы ережеден бөлек көптеген ерекшеліктердің болуы «коммерциялық емес ұйым» ұғымының тұжырымдамалық және нақты мазмұнының арасындағы айырмашылықты көбейтеді. В.Ф. Яковлевтің пікірі бойынша, бұл олардың құқықтық пішіні «жұмбақ, бұлыңғыр және алуан жүзді» болып қалуына себепші болды [21; 147]. Бұл түсініктің тұжырымдамалық мазмұны ретінде зерттеу пәнін белгілі бір топтарға бөлетін не біріктіретін белгілер жүйесі болса, нақты

мазмұны ретінде жекелеген нормативтік-құқықтық актілердегі осы түсінікті қолданудың прагматикалық қырлары танылады. Бұл екі арадағы айтарлықтай айырмашылықтың болуы ерте ме кеш пе жекелеген тұлғалардың бас пайдасына пайдалануға алып келеді. «Коммерциялық емес ұйым» түсінігінің тұжырымдамалық және нақты мазмұнының арасындағы айырмашылық теориялық және тәжірибелік тұрғыда жиі кездесетін жайт. Біздің айтпағымыз, ҚР Азаматтық кодексі мен ҚР «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заңындағы «коммерциялық емес ұйымның» заңды түсінігі қалыптасқанымен, шынайы тәжірибеде оның түрлі ұйымдық-құқықтық нысандары туралы заңды бастапқы мәнінде қолдану әртүрлі себептерге сәйкес мүмкін емес.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі коммерциялық емес ұйым қызметінің негізгі мақсаты ретінде пайда келтіре алмайтын және алынған таза табысын қатысушыларына үлестірмейтін деген анықтама береді. Және керісінше коммерциялық ұйымды қызметінің негізгі мақсаты ретінде табыс табу болып табылатын ұйым ретінде анықтайды [22].

Жоғарыдағы берілген анықтама заңды тұлғаның біз зерттеп отырған категориясына сипаттама беруге бағытталмағандығы байқалады. Бұл анықтама «коммерциялық ұйым» ұғымына теріс мағынадағы «болымсыз» түсінік беру жолымен берілген. ҚР Азаматтық кодексі 33-бабының 1-тармағына сәйкес «өз қызметінің негізгі мақсаты ретінде табысын келтіруді көздейтін» [22] болымды түсінік берілген «коммерциялық ұйым» бар.

Осылайша, заң шығарушы коммерциялық емес ұйымдардың заңдық маңызды белгілері ретінде төмендегідей оның екі «болымсыз» қасиеттерін атап көрсетеді: 1) пайда келтіру коммерциялық емес ұйым қызметінің негізгі мақсаты болмауы тиіс; 2) коммерциялық емес ұйым қатысушылары арасында таза табысты бөлуге тыйым салу.

Ендігі жерде коммерциялық емес ұйымның осы екі белгісін талдайық.

Талқылау

Коммерциялық емес ұйымның бірінші белгісі негізгі мақсат ретінде пайда келтіру болмауы тиіс деген талап. Егер де заң шығарушы тарапынан осы жерде нүкте қойылған болса, онда заңды тұлғаларды «коммерциялық» немесе «коммерциялық емес» түрлерге бөлу оңай болар еді. Демек коммерциялық ұйымдар бұл пайда келтіру негізгі мақсаты болып табылатын ұйымдар, ал өзге қоғамдық пайдалы мақсаттарды көздейтін ұйымдардың барлығы коммерциялық емес деп танылуы тиіс болатын. Ғылымда мұндай қарама-қарсы ұғымдар «сызықтық тәсіл» арқылы шешіліп отырады. Мұндай «сызықтық» әдіс «шындық-өтірік», «махаббат-жек көру» сияқты өзара оппозициялық ұғымдардың негізінде жатады. Тиісінше «коммерциялық емес» ұйымдардың өлшемдік қасиеттерінің максималды көрінісі кәсіпкерлік қызметпен айналысуына тыйым салу болуы тиіс. Алайда заң шығарушы толықтай сызықтық өлшемді басшылыққа алмастан, коммерциялық емес ұйымдарға кәсіпкерлік қызметпен айналысуына толықтай мүмкіндік берді. Осылайша, коммерциялық емес ұйымдардың екі тобы пайда болды: айталық, біріншісі қандай да бір қоғамдық мақсаттарды көздей отырып, табыс табумен де айналысатын ұйым болса, екінші топты қызметі тек қана қоғамдық игіліктерге жетуге ғана бағытталған ұйымдар құрады.

Жоғарыдағы жағдайдан қалыптасқан логикаға сәйкес пайда келтіру қызметінің болуы не болмауы қасиеті негізінде заңды тұлғаларды «коммерциялық» және «коммерциялық емес» деп бөлудің аса қиын екені байқалады. Біздің ойымызша, осының негізінде «коммерциялық емес ұйым» категориясы қазақстандық заңнамада біржақты коммерциялық та емес, немесе толықтай коммерциялық та емес «орталық позицияда» қалып қойған.

Құқық қолдану тәжірибесінде бірден-бір өзекті мәселелердің бірі коммерциялық емес ұйым қызметінің негізгі мақсатын анықтау қажеттігінің қиындығы. Яғни, көптеген мақсаттарының ішінде коммерциялық емес ұйым үшін «іс жүзінде» («де-факто») қайсысы «аса маңызды, негізгісі» болып табылады? Нәтижесінде ұйым мақсаттарының «негізгісін» табу үшін қандай өлшемдердің көмегімен саралауға болады? Қазіргі заң ғылымы мен тәжірибесі коммерциялық емес ұйымның негізгі мақсатын анықтау үшін қажетті тиімді тәсілдермен жабдықталған ба? Міне күнделікті тәжірибеде кездесетін сауалдардың тізімінің негізгілері осындай. Осы сұрақтарға жауап табуға тырыссақ.

Алғашқыда коммериялық емес ұйымның қоғамдық игіліктерге бағытталған негізгі мақсатын, екінші кезектегі пайда келтіретін кәсіпкерлік қызметінен ажырата алуға болады деген жағдайды қарастырайық. Мұндай мүмкіндік екі жағдайда туындайды: біріншісі, коммерциялық емес ұйым кәсіпкерлік қызметпен мүлдем айналыспағанда, екіншісі, коммерциялық емес ұйымның қызметі мүлдем пайда келтірмеген жағдайда. Мысал ретінде бір жағынан қайырымдылықпен айналысатын,

екінші жағынан сауда-саттықты жүзеге асыратын ұйымның жағдайын айтуға болар еді. Қайырымдылық қызметі коммерциялық емес ұйым үшін негізгі және ол пайда келтірмейді де, ал сауда-саттық коммерциялық емес ұйымның негізгі қызметін қаржыландыруға қажетті қаражатпен қамтамасыз ету үшін қажетті пайда келтіретін және бірыңғай екінші кезектегі қызметі ретінде танылады. Жалпы мұндай ұйымда барлығы қисынға сай, түсінікті.

Негізгі қызмет коммерциялық емес ұйым үшін пайда келтірмеуі тиіс деген пікір ресей ғалымдарының еңбектерінде В.В. Залесский, Р.Ф. Калистратова [23, 93], О.П. Кашковский [24, 13] толықтай негізделіп қолданылады.

Ал өзге пікірлердің барлығы бұл өлшем мүлдем тәжірибеге сәйкес келмейді деп есептейді. Қазақстандық заң шығарушының коммерциялық емес ұйымдардың негізгі және екінші кезектегі қызметін қатар қолдануға көптеген мүмкіндік бергендігі туралы алдын ала жаңсақ пікір қалыптастырмас үшін, мысалдар келтірейік. Негізгі қызметі ретінде білім беруді мақсат тұтқан мекеме ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған КЕҰ-ның өз оқушылары мен тыңдаушыларынан өз қызметін көрсеткені үшін ақы алуға құқығы бар. Алайда, білім беру қызметі мекеменің негізгі мақсаты емес пе еді? Міне, заң шығарушы бұл жағдайда коммерциялық емес ұйымға негізгі қызметінде қоғамдық пайдалы қызмет пен кәсіпкерлік қызметті қатар атқаруға мүмкіндік беріп отыр.

Кейбір ресейлік авторлар коммерциялық емес ұйымның қызметін негізгі және негізгі емес деп ажыратудың талпынысының нәтижесіздігін танып, оны шешудің жаңаша жолдарын ұсынады. Мысалы, ресейлік автор О.Е. Чернега ұйымдарды «коммерциялық» және «коммерциялық емес» деп бөлудің базалық өлшемі ретінде «қызмет мақсаты» мен «құрылу мақсатын» бөліп қарастыруды ұсынады [25; 135, 136].

Біздің ойымызша, ең бірінші КЕҰ-ның өзге де коммерциялық заңды тұлғалармен қатар мақсаты мен қызметі ҚР Конституциясына және де қолданыстағы заңнамаға сәйкес болуы қажет. Коммерциялық емес заңды тұлғалардың «қызметінің» «негізгі мақсатын» ҚР АҚ-нің 34-бабының өзі анықтап беріп тұр деп ойлаймыз. Оған сәйкес КЕҰ-ның «қызметінің» «негізгі мақсаты» пайда келтіруді көздемеу және таза табыс болған жағдайда да оны қатысушылары арасында үлестірмеу болып табылады. Ал, «құрылуының мақсаттарын» жоғарыда Қазақстан Республикасының «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заңының 4-бабында айқындалғандығын айтқан болатынбыз.

Сондықтан да ҚР Азаматтық кодексінің 34-бабының 3-тармағында көрсетілген «Коммерциялық емес ұйым кәсіпкерлік қызметпен өзінің жарғылық мақсаттарына сай келуіне қарай ғана айналыса алады» деген құқықтық шарты «Коммерциялық емес ұйым кәсіпкерлік қызметпен өзінің құрылу мақсатына жету үшін ғана айналыса алады» деген тұжырымда берілуі тиіс.

КЕҰ-лар қызметінің «қоғамдық пайдалылығы» мен «коммерциялық емес бағытқа бағытталғандығын» анықтау бұл басқа мәселе. Мұндай өлшемдер мен тетіктер коммерциялық емес ұйымның кәсіпкерлікпен айналысуының мөлшерін анықтап береді. Яғни ұйымның негізгі қызметі мен шығыстары жарғыда көрсетілген «коммерциялық емес қызметінің мақсаттарына» бағытталған ба әлде жоқ па осыны көрсетіп береді. Нәтижесінде өз қаражаттарының көпшілігін кәсіпкерлік бағытта жұмсап отырса, мұнда ұйым коммерциялық емес ұйым ретінде қызметін тоқтатуы қажет. Мысалы, АҚШ-та «айрықша мақсат» деп аталатын тест түріндегі катал өлшемдер бар. Осы стандартқа сәйкес, егер ұйымның қоғамдық пайдалылығы оның жалпы мақсаттарының маңызды бөлігі болып табылмаса, ұйым КЕҰ деп танылмайды [26; 93].

Ендігі жерде коммерциялық емес ұйымның «өз қызметінің негізгі мақсаты ретінде пайда келтіре алмайтын» қасиетін оның «қызмет мақсаты» мен «құрылу мақсатын» ажырату арқылы шешу туралы мәселеге оралайық. Кәсіпкерлік қызметпен айналысуға рұқсат берілген күнде де коммерциялық емес ұйым өз алдына әртүрлі мақсаттар қоя алмайды, оның ішінде пайда келтіру мақсатында. Яғни, КЕҰ-ның «қызмет мақсаттары» оның «құрылу мақсатына» не керісінше сәйкес келуі заң талабы.

Бір қарағанда ресейлік ғалым О.П. Кашковскийдің [24; 13] «құрылу мақсаттары» мен «қызмет мақсаттарының» әрқашан біртектес бола бермейді деген пікірімен келісіп, «коммерциялық емес ұйым» түсінігін қалыптастыруда, оның қызмет мақсаттарына сүйеніп, ҚР АҚ-нің 34-бабының 1-тармағын «коммерциялық емес ұйымдар әлеуметтік, мәдени, ғылыми, білім беру, қайырымдылық, басқару мақсаттарына қол жеткізу... басқа да мақсатта» құрылады деп көрсету де шындыққа бір жақындайтын секілді. Алайда, коммерциялық емес ұйымдардың, барлық ықтимал мақсаттарын заңнамалық актіде қамту мүмкін емес, себебі, олардың негізінде қоғамда қазіргі уақытта бар және қайта орын алатын әлеуметтік қажеттіліктер мен коммерциялық емес мүдделердің алуан түрі жатыр. Сол себепті «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заңда жоғарыда келтірілген тізім түбегейлі

болып табылмайды және коммерциялық емес ұйымдардың «қоғам игілігі мен өз мүшелерінің (қатысушыларының) игілігіне бағытталған басқа мақсаттарда да» ашылу мүмкіндігі бар. Сондықтан да, «коммерциялық емес ұйым» түсінігін айқындауда бұл ұйымдардың «өз қызметінің негізгі мақсаты ретінде пайда келтіре алмау» қасиетінің тиімділігі төмен.

Енді «алынған таза табысты қатысушылар арасында үлестірмейтін» қасиетіне келсек.

